# Талапкер 2017 Абитуриент

Университетке тусу туралы ақпаратты 15-16 беттен оқи аласыздар!




ATYRAU UNIVERSITY 1950

Газет 2000 жылдың сәуір айынан шығады

# Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№ 4 (76)
5 шілде 2017 жыл





# Сәт сапар, жас маман!

**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 2017 жылғы түлектерін жоғары оқу орнын бітірулерімен шын жүректен құттықтаймыз!**

Халықаралық байланыс

# Ғылыми ынтымақтастық



**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің бірінші проректоры – стратегиялық жоспарлау және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Айгерім ШИЛІБЕКОВА бастаған делегация Иран мемлекетіне іссапармен барды.**

Іссапар барысында Атырау мемлекеттік университеті Каспий маңы мемлекеттері университеттерінің Ассоциациясы мүшесі ретінде Гилян, Мазандаран және Ноширвани атындағы технологиялық университеттерінде болды. Айта кету керек, Каспий маңы мемлекеттері университеттерінің Ассоциациясы тарихы 1996 жылдан бастау алады. Сапар аясында аталмыш Ассоциация мүшелері Иран мемлекетінің жетекші оқу орындарының бірі Гилян университеті мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті арасында ғылыми ынтымақтастық орнату жөнінде меморандумға қол қойылды. Ынтымақтастық нәтижесінде екі университеттің ғалымдары бірлесе отырып, зерттеу жобаларын жүргізіп, ортақ мақалалар жариялайды деп күтілуде.

Сонымен қатар Атырау мемлекеттік университеті делегациясы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі Тегеран университетін аралап, орталық кітапхана жұмысымен танысты.

**Арайлым НУГМАНОВА**

# Ғылым қорының байқауы



**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңес залында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министірлігі ғылым комитетінің атынан Заң нормалары мен Ережелерін түсіндіру мақсатында «Ғылым қоры» жобасының координаторлары университет профессорларымен кездесу өткізді.**

Кездесуде «Ғылым қоры» АҚ жобалар бойынша үйлестірушілері Арман АШКИН мен Ернұр ІЗБАСАР ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру туралы толық ақпараттар беріп, түсіндіріп өтті. Тыңдаушылар тарапынан түскен бірнеше сұрақтарға жауап берді.

**Алтынай СӘЛІМГЕРЕЙҚЫЗЫ,**
**медиа-қызмет**
**орталығының тілшісі**

# Билер соты – қазақ қоғамының ұлттық құндылығы



**Міне осындай атаумен университетімізде Атырау облыстық сотымен бірлескен ғылыми-практикалық конференция өтті.**

Атырау мемлекеттік университетінің ғылыми кеңес залында өткен конференцияның мақсаты – Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласына сай, ұлттық құндылықтарды насихаттау болып табылады. Конференцияға Атырау облыстық сотының судьялары, экономика және құқық факультетінің профессор-оқытушылар құрамы мен құқықтану мамандығының студенттері қатынасты. Шара шымылдығын университет ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор Абзал ТАЛТЕНОВ ашты. Атырау облыстық сотының төрағасы Марғұлан Жұбанышұлы конференция барысында тұжырымды ойларымен бөлісті. Шара барысында Гүлбаршын МАРДАНОВА, Сағат Қаламғалиұлы, Алтыншаш Махмеденовна, сондай-ақ Әділбек ТУРДАЛИЕВ, Губайдуллин Мұрат және Төлебике ҚАБДОЛЛА билер сотының құндылығы жайында баяндама жасады.

**Малика ТАКЕЖАНҚЫЗЫ,**
**медиа-қызмет**
**орталығының тілшісі**

# Университет пен «Теңізшевройл» ЖШС арасындағы ынтымақтастық




**Атырау мемлекеттік университеті және «Ынтымақ» қоры арасындағы ынтымақтастық аясында «Теңізшевройл» компаниясы еріктілерінің дәріс өткізу туралы келісіміне қол қойылды.**

**Соған байланысты «Теңізшевройл» компаниясы бас менеджерінің орынбасары Дэвид МАКИННИС университетіміздің оқытушылары мен қызметкерлеріне арнап «Баспасөз хатшысы: мекеменің жағымды қоғамдық келбетін қолдау» тақырыбында дәріс берді.**

**Аталған дәріске университетіміздің оқытушылары мен қызметкерлері қатынасты.**

**«Теңізшевройл» компаниясы бас менеджерінің орынбасары Дэвид МАКИННИС өз кезегінде мекемедегі медиақызметтің маңыздылығын түсіндіріп, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Университет оқытушылары мен қызметкерлері дәріс барысында қызықтырған сауалдарына жауап алды.**

**Арайлым НАРЕШОВА,**
**медиа-қызмет**
**орталығының маманы**

# Жақсының жарығы өшпейді




**12 маусым еліміздің жоғары білім беру саласының дамуына зор үлесін қосқан «Құрмет» орденінің иегері, көрнекті қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық білім академиясының академигі Нұрышев Ғалымжан Жұмабайұлының 1995-2004 жылдары тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды.**

Шараға Атырау облысы әкімі, облыстық мекеме басшылары, білім саласының қызметкерлері, сондай-ақ ғалымның туыстары мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамы қатынасты.

Атырау облысы әкімі Нұрлан НОҒАЕВ: «Ардақты ағайын, бүгінгі өтіп жатқан шара ғылым мен білімнің, елдің, қоғамның дамуына бар өмірін сарп еткен Ғалымжан НҰРЫШЕВ пен оның адал жары әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, танымал ғалым-әлеуметтанушы Күлімхан Бәйкенқызы Шөптібаева қайғылы жағдайда бақилық болғандарына бүгін де міне 5 жыл өтіпті. Осыған орай, Ғалымжан ағамыздың еске алуына жанашыр жандары болып жиналып қалыппыз. Мен де Ғалекеңмен көп жылдар бойы таныс болдым, сырлас дос болып, аға болып араласқанмын. Қазақта «маңдайға сыймай кетті» деген сөз бар. Сол маңдайға сыймай кеткен жандардың бірі деп білемін. Мен Ғалымжан Жұмабайұлы мен Күлімхан Бәйкенқызының ұлы мен қызы Санжар, Гаухарға, бауырларына, тума-туысқандарына ұзақ ғұмыр тілеймін. Олар жете алмай кеткен армандарға ұрпақтары жетсін. Ғалымжан Жұмабайұлы мен Күлімхан Бәйкенқызының жарқын бейнелері оны білетіндердің жадында мәңгі сақталады»,-деп сөз кезегін алғаш болып бастаған болатын.

Атырау облысы қоғамдық кеңесінің мүшесі, Атырау облысының құрметті азаматы Әнес Бисенұлы да сөз кезегін жалғады. Ал, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, ақын-жазушы Жүсіп Қадір Өтегенұлы: «Құрметті әріптестер, бүгінгі күні біз, әріптесіміз Ғалымжан Жұмабайұлын еске алуға келіп тұрмыз. Осыдан 5 жыл бұрын, сұм ажал осындай тұлғамызды жұбайы Күлімханмен бірге алып кетті. Олар біздің Ақ Жайықтың айдынында қатар жүзген қос аққуымыз еді»,- деп әрі қарай өз өлең шумақтарымен еске алған болатын.

Сондай-ақ, университет ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор Абзал Талтенов өз сөзінде: «Құрметті Қонақтар! Қадірменді қатынасушылар! Атырау өңірінің аяулы перзенті Ғалымжан Жұмабайұлының жүріп өткен өмір жолы біздер үшін алға ұмтылудың, білім мен ғылымды игерудің, адамгершілік туын жоғары ұстаудың үлгісі болып қала бермек. Өзі басқаратын үлкен ұжымда ұйымшылдық, іскерлік, ауызбіршілік ахуалын орнатты. Күні кеше ғана қатарымызда жүрген жақсы аға, жайсаң азаматтың бүгін де қасымызда жоқ дегенге көңілің сенгісі келмегенмен, ақиқаты сол. Мына заманда азайыңқырап кеткендей көрінетін, сиректеу кезігетін, бірегей азаматтардың бірі еді Ғалымжан ағамыз.

Ол өзінің көркем мінезімен, туа бітті біліктілігімен, терең білімімен, жанының сергектігімен, жылы жүзімен кісіні бірден баурап алатын. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар қауымы мөлшерлі ғұмырында жарқын істерімен көпшілік арасында құрметке бөленген, мезгілсіз дүниеден өткен Ғалымжан Жұмабайұлы мен оның адал жары, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, танымал ғалым-әлеуметтанушы Күлімхан Бәйкенқызы Шөптібаеваның жарқын бейнесін мәңгі есте сақтайды»,- деді.

Еске алу сөздерінен кейін шараға қатынасушылар ескерткіш тақтаны салтанатты түрде ашты. Шара әрі қарай Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде ғалымды еске алуға арналған «Жақсының жарығы өшпейді» атты дөңгелек үстелмен жалғасты. Дөңгелек үстел барысында Ғалымжан Нұрышевтың ғұмырнамасымен таныстырып, еңбек жолы мен өмір жолындағы қызықты оқиғаларымен бөлісіп, еске алды.

**Малика ТАКЕЖАНҚЫЗЫ,**
**медиа-қызмет орталығының тілшісі**

# Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алды



**31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні.**

Бұл күнде Қазақстан халқы ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін және аштық құрбандарын еске алады. ХХ ғасырдың 30-40-жылдарындағы жаппай саяси қуғын-сүргін миллиондаған адамға қайғы-қасірет әкелді. Қазақ халқының көптеген көрнекті перзенттері қуғын-сүргін құрбандары болды. Осы кезеңдерде елімізде 103 мың адам қуғынға ұшырап, 25 мың адам ату жазасына кесілген.

Осы зұлмат заманды еске алу күніне орай Атырау қаласының Жеңіс саябағында орналасқан саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық тақтаға гүл шоқтарын қою салтанатты шарасына Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұжымы да бір кісідей қатынасты.

Сонымен қатар, еске алу күніне орай Халелтану зартханасының ұйымдастыруымен «Зұлмат жылдар жаңғырығы» атты ғылыми дөңгелек үстелі болып өтті.

Дөңгелек үстел шарасына университет профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатынасты. Шараны Атырау университетінің Халелтану зертханасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Ғабит Базарғалиев ашып, жүргізіп отырды. Дөңгелек үстелде университет ардагерлер кеңесінің төрағасы, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Шахман НАҒИМОВ, психология ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Иманғалиева, педагогика кафедрасы зертханасының профессоры, доцент Р.Қаражігітова және де филология мамандығының 1 курс студент Заманбек ШАКИРОВТАР азалы жылдардағы алаштың ардақты азаматтары туралы мазмұнды баяндамалар жасады.

**Сағынбек ЖЕҢІСҰЛЫ,**
**баспасөз хатшысы**

# Қайғылы тағдыр...

*Қазақы тағдыр жаңғырығыменен жаралы,*
*Ұғынбас ұрпақ мың түрлі сылтау табады.*
*Жүректі тербеп, адамшылығымды оятқан,*
*Қайғылы тағдыр қайғылы жырды жазады.*
*Қайраткерлерім не көрмед(і) мынау жалғанда?!*
*Құруды көрді құрдымға қарсы тұрғанда.*
*Алашы үшін шыңғырған талай азамат,*
*Қапыда қалды қырғынға қарсы тұрғанда.*
*Қайғылы лагерь-еңбекпен түзеу түрмесі,м*
*Голощекиннің өзінше мінген мінбесі.*
*Сонау заманда шырғалаң қылды қазақты,*
*Бейбіт заманда анық-ау қайтып келмесі.*
*Қайғылы тағдыр дәрменсіз қылды ананы,*
*Аштық пен суық құрбаны етті баланы.*
*Кебенек киген арулар жүрді қорланып,*
*Арқалап еді «сатқындар» деген жаланы.*
*Сәбилерім-ау, кіршіксіз таза сәбилер...*
*Тағдырын білсе, анаң да құшып әлдилер.*
*Алашкерлерімнің ізі боп бүгін жүрер ме ед(і)?!*
*Келмей де жатып қайғыны көрген сәбилер.*
*Қайғылы тағдыр бүгінге қалды жаңғырып,*
*Жаңғырып тұрып, санадан кетпеу-заңдылық.*
*Қуғын-сүргіннің құрбаны болған жандарды,*
*Ұмытпау керек...ұмытылмау керек мәңгілік!*

**Назым ЖОЛДАСОВА,**
**журналистика мамандығының студенті**

# Құттықтаймыз!

**28 маусым - байланыс және ақпарат қызметкерлері күні. Дәл осы күні елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап жүрген төртінші билік өкілдері өзінің төл мерекесін тойлайды. Журналист ол – қылқалам шебері, қалам мен қағазды өзіне үнемі серік етіп алған журналистер қауымы бүгінгі таңда көбеюде, оған дәлел ретінде университетіміздің журналистика мамандығының студенттері дайындаған жазбаларын ұсынамыз.**

### ТӨРТІНШІ БИЛІК ӨКІЛДЕРІ

Журналистика мамандығы ең алдымен, жан-жақтылықты, жауапкершілікті, шыдамдылықты, қабілеттілік пен білімділікті қажет етеді. Журналистика мамандығын таңдау бұл сол мамандықтың қызығы мен шыжығына, қиыншылығы мен қуанышына, ащысы мен тұщысына төзе білетін айқын көрсетеді. Журналистика мамандығы дүниедегі ең қиын 3 мамандықтың бірі болып табылады. Журналистика баспасөзбен газет-журналды, радио, теледизияны талап етеді және журналистика саласын бұл заттарсыз елестету мүмкін емес. Журналистика мамандығына шығармашылыққа, әдебиетке, кітапқа жаны құмар жандар келеді. Журналистика саласы қоғамның бір айнасы секілді өйткені: саяси, мәдени, әлеуметтік, экономикалық, қоғамда болып жатқан жаңалықтар мен оқиғаларды көрсетіп баяндап отырады. "Газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі" деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай айналамыздағы болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарды, жаңалықтарды хабарлап айтатын, қоғам мен үкіметті байланыстыратын сала - журналистика.

**Айдана БЕГІСОВА**

**Сонымен қатар, ақын-студент Ақтілек АБАЕВАНЫҢ журналист аға-апаларына арнаған арнауына назар салыңыздар!**

### ГҮЛЗАДА НИЕТҚАЛИЕВАҒА

*Жетсе сөзім өлеңмен.*
*Игілерін жалғанның*
*өзіңізге төгер ем.*
*Жүзі жарқын, "жақсы*
*адам" өзге емес өзіңнен,*
*Дүниені тәнті етер*
*даналықты көрем мен!*
*Өлеңдегі ием ең!*
*Сіз секілді сескенем сезімдегі киеден.*
*Қасіретті қайтейін*
*арқама кеп тиелген,*
*Иілмедім ездерге үміт*
*үзбей Иемнен.*
*Селке түсті -ау сенімге*
*Құшақ ашсаң қызғыштар*
*кірбің салған көңілге.*
*Жамау - жамау жұпыны*
*жүрекке жыр төгілсе,*
*Сіздегі өлең сондағы жа-*
*уын еді шөліме.*
*Көңілшеңбіз көкке де!*
*Өкініштің өрті кеп өзегіңді өпкенде.*
*Түн іргесін күзетіп сынық*
*аймен сырластық*
*Пенделер-ақ бәз қалпы*
*ұйқысына кеткенде!*
*Өлеңге де обал - ау!*
*"Қара мысық" қайта кеп жан*
*жараңды тырнады - ау.*
*Заңы ма еді өмірдің,*
*мүмкін, тәркі Тәңірдің,*
*Бұрмаланған бағыңнан*
*тамшы бақыт құра алмау.*
*Керемет бар көптеген!*
*Шимайыңыз қалмасын*
*қалың ойды төкпеген.*
*Нәзік жырды сындыр-*
*май аялаумен биіксіз,*
*Сіз секілді еш ақын*
*"Ақботасын" күтпеген!*
*Қайран қалып жүрейін!*
*Сіздегі бар қуаныш*
*менің де бір мерейім.*
*Жолығуды жақсыда нәсіп*
*етсін жаратқан.*
*Өзіңізден өң алып өр өлеңді өрейін!*

### СЕРІК ТҰРҒЫНБЕКОВКЕ

*Ғұмырдың ғазал ащы уында*
*Ақындар көрер таласын барын.*
*Сертіңе берік көрген сыныңа,*
*Жайықтың жұрты жанашырларың.*
*Өлмесін өлең, өшпесін отың*
*Жарқылдар жырдың сәулесі сөнбен.*
*Түңілдірмейтін төңірек ұлтың,*
*Ұлтым дегенің ең ұлы өлең.*
*Тірліктің сайтан сайқалы бітпес.*
*Таусылмасыншы сабырың, күшің.*
*Қаламды сілкіп бағытын беттес,*
*Ізіңнен ерген ұрпағың үшін.*
*Тоғайдан түлеп, торғайдың жасын*
*Тұмар қылдыңыз қалам ұшына.*
*Шырылдап жүріп шатпақ қып асын*
*Қиянат көргіш құстың соры ма?!*
*Жетпістің жасы желкенді үрлеп*
*Жеткізсін лайым жүз жасқа ата.*
*Даңғазалардан жиғанда өлең,*
*Асқақтасыншы қарымың арта.*
*Пернесін мұңның шертумен күнде*
*Ақиқатты ақын аршып алатын.*
*Қаламның демі үзілмей мүлде*
*Сақталып қалғай ғасырларда атың!*




# «Қасиетті Рамазан!» турнирі

**Пікірсайыс**



**«Айтыс» қоғамдық қоры мен «Сенатор» пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен, «Жас Отан» Жастар қанаты Атырау облыстық филиалының қолдауымен Рамазан айына байланысты «Қасиетті Рамазан» тақырыбындағы турнир Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде өтті.**

Естеріңізде болса, Атырау мемлекеттік университеті «Сенатор» пікірсайыс клубы – университет деңгейінде студенттердің шешендік шеберліктерін, көшбасшылық қасиеттері мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту үшін ерікті түрде құрылған студенттердің қоғамдық ұйымы болып табылады. Осы орайда аталмыш клуб жоғарыда айтылған шеберліктер мен қасиеттерді қаншалықты меңгергені жайлы мәлімет беретін, өзін-өзі бағалауға бағытталған пікірсайысшы командалар арасындағы турнирді ұйымдастырды. Төрешілер Сенатор клубының студенттері болды. Турнирге 8 команда қатысты.

Нәтижесінде облыстық Дін істері басқармасы жанындағы Ақпараттық талдау орталығы маманы Ернар АБЗАЛОВ және Астана қаласынан келген студент Мақсат ЖАҚСЫҒАЛИЕВ I орыннан, Атырау мемлекеттік университеті стратегиялық даму департаменті маманы Мұратбек Әл-ШАРДАРИ және Алматыда білім алып жатырған студент Альбина МЕРЕКЕҚЫЗЫ II орыннан, жауапкершілігі шектеулі серіктестік қызметкері Бауыржан ДУЙСЕНБАЕВ пен №31 мектеп-гимназия оқушысы Дильназ ЖАҢБЫРБАЕВА III орыннан көрінді. Сондай-ақ Альбина МЕРЕКЕҚЫЗЫ «Үздік спикер», ал И.Тайманұлы атындағы №27 орта мектеп оқушысы Мидина ӘДІЛҒАЛИЕВА «Үздік ойыншы» атанып, арнайы марапаттарға ие болды.

Осы орайда 1 орын иегері Ернар АБЗАЛОВТЫҢ бүгінгі турнир жайындағы пікірін біле алдық.

Ернар АБЗАЛОВ: «Бүгін өзі керемет күн болды. Дебат ойнамағаныма бір жылдан астам уақыт өтіпті, керемет жандармен өткен бір күнім, жаманның өтіп кеткен ғұмырындай! «Айтыс» ҚҚ ұйымдастыруымен өткен қасиетті Рамазан айының құрметіне арналған пікірсайыс турниріне қатысып, сүйретіліп финалға жетіп, бір заманда кубок ұтып алыппыз! Жігіттер-қыздарға рахмет! Бір риза болғаным индивидуалды ой ойлайтын азаматтар қалыптасып келеді біздің Атырауда. Сенатор клубына шығармашылық табыс тілеймін! Сонымен қатар, жанымда Мақсат есімді бауырым бар, шынымды айтайын танысып үлгірмедім, бірақ жақсы команда болдық».

Турнир аяқталысымен барлық қатысушылар мен ұйымдастырушылар ұжымының қатысуымен ауызашар берілді. Қасиетті Рамазан айына арналған, ой-өрісі кең жастардың басын біріктірген ұлағаты мол шара болды.

**Бетті дайындаған: Малика Такежанова медиа-қызмет орталығының тілшісі**

# Ғарифолла Әнес «Құрметті профессор» атанды



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Ғылыми кеңесінің кеңейтілген отырысы болып өтті.

Ғылыми кеңес жұмысын Атырау университетінің ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор Абзал ТАЛТЕНОВ ашып, кеңейтілген кеңестің шақырылуы себебін түсіндіріп берді. Ғылыми кеңес мүшелерінің шешімімен «Арыс» қорының президенті, «Арыс» баспасының директоры, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті, филология ғылымдарының докторы, Атырау облысы, Құрманғазы ауданының тумасы Ғарифолла Әнес Атырау университетінің «Құрметті профессоры» атағына ұсынылған болатын. Бүгінгі Ғылыми кеңестің кеңейтілген отырысында ғалымға «Құрметті профессор» сертификаты мен мантиясы салтанатты түрде табыс етілді. Ғылыми кеңес мүшелері, профессорлар Қадыр ЖҮСІП, Аққали АХМЕТ және София САҒЫНДЫҚОВАЛАР сөз алып Ғарифолла ӘНЕСТІҢ ғылымға, әдебиетке және де баспа ісіне сіңірген еңбектері мен жақсылықтарына толықтай тоқталып, алға қарай да ғалымға шығармашылық табыстар тіледі. Одан соң, сөз кезегі «Арыс» қорының президенті, «Арыс» баспасының директоры, филология ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің құрметті профессоры Ғарифолла ӘНЕС ағамызға беріліп, ол кісі жиналған барша кеңес мүшелері мен қонақтарға алғысын айтып, болашақ жоспарларымен, ойларымен бөлісті.

**Сағынбек АРОНОВ,**
**баспасөз хатшысы**

**Бізде қонақта**

# Атырау университетіндегі жыр кеші

**Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қазақтың белгілі қаламгерлері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын-драматург Серік ТҰРҒЫНБЕКОВПЕН және ҚР еңбегі сіңген қайраткер, дүние жүзіне аты мәлім жазушы Сабит ДОСАНОВПЕН кездесті.**



Салтанатты кездесу шарасын Атырау университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Қадыр Жүсіп ашып, кездесуге қатынасушыларды ақын-драматург Серік ТҰРҒЫНБЕКОВТЫҢ шығармашылығы мен өмір жолдары туралы толықтай таныстырды. Одан соң, сөз, жазушы Сабит ДОСАНОВҚА беріліп, ол өз кезегінде тыңдармандарға бүгінгі кештің мақсаты мен маңызын түсіндіріп, залда отырған жастарды елін сүюге, адал еңбек етуге, туған халқының мәдениеті мен әдебиетін құрметтеуге шақырды. Кеш қонақтарының қалауымен бүгінде республикамызға танымал болып жүрген жас ақындар, Атырау университетінің түлектері Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА мен Бақытгүл БАБАШТАР сөз алып, тыңдармандарға арнап өздерінің әсем жырларын оқыды. Кездесу соңында университет студенттері ақын өлеңдерін жатқа оқып, оларға өздерінің жүрекжарды жырларын арнады.

**Сағынбек ЖЕҢІСҰЛЫ,**
**баспасөз хатшысы**

# Қазақтың Татьянасы білім ордасында қонақта

**Университетіміздің қонағы – Татьяна БУРМИСТРОВА ұлты орыс болса да, дархан қазақ жерінде кіндік қаны тамып, бала кезінен ұлттық аспабымыз – домбыраны қолына алып, қазақша ән салған дарынды жан.**





Қазақ тілінің қадір-қасиетін жан-тәнімен сезіне білген Татьянаны қазақ елі жақсы көреді. Кезінде үш Татьяна болып сахнаға шығып, көрерменнің көзайымына айналған үштіктің бірі, сахнасы мен домбырасын қолынан бір сәтке де тастамағаны да осы – Татьяна Бурмистрова. Татьяна ханымның тағы бір ерекшелігі әрдайым үстіне оюланған, қазақтың әсем, көз тартар кәжекейін киіп жүреді. Бұл – қазақ еліне деген сыйластығы мен өз еліне деген патриоттық сезімі деп білемін.

Университет үлкен залына жиылған студенттер мен оқытушы, қызметкерлердің қолпаштауымен сахна төріне шыққан Татьяна – қазақтың қара домбырасымен бірнеше халық әндерін нақышына келтіре орындады. Әсем даусымен тамылжыта шырқаған әндері әуелеп, жиылған жандардың құлағының құрышын қандырғандай әсерде болды. Бірнеше сағатқа созылған әсем кеш әдемі әуендермен, тәтті естеліктермен өтті. Сахнада ән айтып қана қоймай, жас ұрпаққа, болашақ жас мамандарға өзі жүріп өткен өмір жолдарын мысалға ала отырып білген ақыл-кеңестерімен бөлісті. «Қыз бала – жат жұрттық, ата-анасының айнасы, болашақ ана»-деп қыздарымызға да арналған біраз ойларымен бөлісіп, аруларға арналған әндерін де шырқап өткен болатын.

Әдемі басталған кешіміздің соңы Татьяна ханыммен естелік фотоға түсумен аяқталды.

**Арайлым НАРЕШОВА,**
**медиа-қызмет маманы**

# Алты кілт-алтын кілт




**Ағымдағы жылдың сәуір айында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде студенттерді кәсіпкерлікке баулу және жаңа бизнес-идеялар табуға арналған «Алты кілт – Алтын кілт» инновациялық идеялар турнирі жобасы бастау алған болатын.**

Жоба мақсаты – Атырау облысы кәсіпкерлерімен байланыс орнату; жаңа бизнес-идеяларды іздеуді студенттерге үйрету және идеяларды генерациялау; университет қабырғасында жүріп жаңа кәсіп ашу үшін студенттерге біліктілік дағдыларын үйрету, тапсырмалар арқылы студенттерге кәсіпкерлікпен айналысып көруге жағдай жасау; жаңа бизнес-идеяны қаржыландыру және университет тарапынан қаржылай, психологиялық және біліммен қолдау көрсету.

Инновациялық идеялар турнирінің алғашқы отырысына университеттің Бірінші проректоры, стратегиялық жоспарлау және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, жоба идеясының авторы Шилібекова Айгерім Сенбекқызы қатысып, жобаға қатысушы студенттерге алғысын білдіре отырып, жоба туралы мағлұмат берді. Көптеген қызықты деректермен бөлісіп, сұрақтарға белсенді жауап берген студенттерге сыйлық ұсынды. Сонымен қатар студенттер тарапынан қойылған сауалдар да ескерусіз қалмады.

Кездесуден соң қатысушылар алты командаға бөлініп, адами ресурстарды дамыту бөлімінің басшысы Зумрат СҰЛТАНОВАНЫҢ «Топпа жұмыс жасау» семинар-тренингіне қатысып, 1 аптаға тапсырмаға алды. Әрбір топқа 1 қаламнан берілді. Бір апта ішінде сол қаламды топтар құнды нәрселерге алмастыруы қажет. Қаламды ең құнды затқа алмастырған топ жеңіске жетеді және топ қатысушылары кілттерге ие болады. Жеңіске жеткен құнды зат және барлық құнды заттар бизнес-инкубатор қорына тапсырылады.

Жоба барысында 6 апта бойы мамандардың инновация, бизнес, көшбасшылық, маркетинг, топта жұмыс жасау, келіссөздер жүргізу тақырыптарындағы семинар-тренингке қатысып, біліктілік дағдыларын үйренген қатысушыларымыз жүлде иегерлері атанып, сертификаттармен марапатталып, сәтті аяқтап шықты.







Жобаның жабылу салтанаты 8 мамыр күні болып өтті. Алғашқы болып сөз сөйлеген университет ректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор Абзал ТАЛТЕНОВ: «Барлық қатысушыларды жобаны сәтті аяқталуымен құттықтаймын! Қыздар мен жігіттердің жобалары сәтті дайындалып, жақсы көрініс тауып жатса, біз, университет атынан қолдауға әрқашан дайынбыз. Бизнес саласы бойынша жоспарлар өте көп. Сондықтан бүгінгі күні, міне арнайы орындарға қаражат бөліп отырмыз. Қатысушыларға тек сәттілік тілеп, алға баса беріңдер деймін,» - деп өз сөзінде арнайы дайындалған ұтыстарды атап өткен болатын. Әрі қарай сөз кезегін жалғаған университеттің бірінші проректор - стратегиялық жоспарлау және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, жоба идеясының авторы Айгерім ШИЛІБЕКОВА өз сөзінде: «Бұл жобаны «Алты кілт-алтын кілт» деп атадық, әрі ол- университетіміздің жаңа өнімі болып табылады. Сондықтан әр ақпаратты газеттер мен сайттарғабөлісіп таратып, көпшілікке жариялап отырдық. Әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінің тәжірибелеріне қарасақ, оларда да осындай кәсіпкерлікке баулу жобалары бар. Сол себептен бүгін міне, біз де олардың деңгейіне жетіп отырмыз. Басқа оқу орындарындағы жобаға қатысушылар дайын идеямен келеді. Ал бұл жобада біз идеяны қайдан табу керек, қалай дамыту керек соны үйретеміз. Бизнес жоба туындатамыз, оны жетілдіріп, оның жүзеге асырылуына септігін тигіземіз»,- деп айтқан болатын.

Аталмыш жоба 36 студент-қатысушымен, оқудан тыс уақытта, яғни сенбі күні өтетін болып, өз жұмысын бастаған болатын. Бүгінгі күні 5 топ болып, жабылу салтанатында өз жобаларын таныстырып, қорғап шықты. Атап айтқанда 3-орынды иеленген - «Жас кәсіпкер» командасы 200 000 теңгелік, ал 2-орынды - «Stars»командасы 300 000 теңгелік ұтыс сертификатымен марапатталды. Ал 1-орынға дайындалған 500 000 теңге көлеміндегі ұтыстың иегері - «APL» командасы болды. Сондай-ақ қатысушылар әр апта сайын орындалған тапсырма үшін құны 5000 теңгелік болып табылатын кілттердің сертификаттарын алды. Жоба аясындағы «Ең үздік блогер» номинациясы бойынша 3-орынды – Марина АМАНЖОЛОВА, 2-орынды – Орынай СӘКЕНОВА, ал 1-орынды – Алтынай СӘЛІМГЕРЕЙҚЫЗЫ иеленді. Сондай-ақ «Ең үздік фото-блогер» номинациясының 2-орынымен Райымбек ҚАДЫРҒАЛИЕВ, ал 1-орынымен Айдос КАРИМОВ марапатталды. Жобаның салтанатты жабылу шарасы Қуаныш ҚАШҚЫЛДЫҚОВ пен Жолдас ҮСЕНҒАЛИЕВТЫҢ орындауындағы жобаның әнұраны болған әнмен аяқталды.

**Малика ТАКЕЖАНОВА,**
**медиа-қызмет**
**орталығының тілшісі**

# Сармат тарихына жаңа деректер қосылды

**«Гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері» факультетінің «Тарих» мамандығының 1 курс студенттері 5 маусым күні Қызықоға ауданы «Қарабау» ауылының қасында орналасқан сармат кезеңінің қорғандарына археологиялық тәжірибе өткізу мақсатында аттанып кеткен болатын.**



Күні кеше яғни, 11 маусым күні қазба жұмысы барысында шамамен б.з.д. 2 ғасырға жататын сармат кезеңінің ескерткішін ашу кезінде ер және әйел адамдардың мүрделері, қыш құмыра, қола айна (диаметрі 20 см), ақық (сердолик) моншақтар, жапсырма (алтынға ұқсайтын сары металдан дайындалған), жебе ұштары табылды.

Тәжірибе жетекшісі «Археология» оқу-ғылыми зертханасының ғылыми қызметкері т.ғ.к., археолог Марат КАСЕНОВ: «Бұл жерде сармат тайпасының қорымы болуы мүмкін. Өйткені өз тәжірибемде екі мүрденің қатар жерленуін алғаш кездестіріп отырмын. Бұл қорғанды зерттеуді әрі қарай жалғастыруымыз қажет!»- деп қорытындылады.

Жалпы Қызылқоға ауданындағы ескерткіштермен бұрын да жұмыстар жүргізіліп келді. 2005 жылы осы қорғандардың маңында орналасқан «Жолайшағыл» ескерткішінен сармат кезеңінің «Алтын әйелі» табылған болатын.

Тәжірибеге қатынасып жүрген 1 курс студенті Дана МҰРАТОВА қазба жұмысы туралы өз пікірін былайша білдірді: «Менің болашақ тарихшы ретінде алған тәжірибем өте көп. Бұрын кітаптан оқып қана білген тарихи деректерді өз қолымызбен ұстап көргеннің жолы бір бөлек екен. Бұл күндер мен сияқты студенттер үшін әсерлі өтті».

Осылайша археологиялық білімдерін тәжірибе жұмыстарымен шыңдап жүрген бір топ тарихшы-студенттер 14 маусымда ортамызға оралды.

**Әния ЕРМАҒАМБЕТОВА**





# Халықаралық көрмеге саяхат

**Экспо - 2017**

**Бүкіл әлем көз тігіп тамсанған, елімізде тұңғыш рет, жоғары деңгейде ұйымдастырылған әлемдік, халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесіне Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінен 2000 студент пен профессор-оқытушылар құрамы 4 топқа бөлініп әсем қала Астанаға барып, көрмені тамашалап келген болатын.**

Әсем қала Астанаға барған студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының көрме туралы ойлары мен пікірлері өте тамаша.

- «Атырау-Астана» бағытындағы жүрдек поезд Астанаға жетіп, ЭКСПО қалашығына табан тіреп, билетімізді көрсетіп, тексеру-бақылау бекетінен өткен соң, жиырма бес гектар аумақты алып жатқан көрмені араладық.

"ЭКСПО" алаңындағы ірі халықаралық павильондар сөзсіз таң қалдырды. Елімізді әлемге танытатын 8 қабаттан тұратын ЭКСПО-ның басты ғимараты «Нұр Әлем» сферасы ерекеше сезімге бөлейді. Оның бірінші қабаты салт-дәстүрге арналса, қалған қабаттары жел, су, күн, ғарыш, биомасса, кинетикалық энергияларына арналған, ал сегізінші қабаты болашақ Астана келбетін көз алдыңа бейнелейді. Сондай-ақ, Ресей, АҚШ, Германия, Қытай, Корея сынды т.б. елдердің көрмелері көздің жауын алады. Бұл керемет сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, оны тек көзбен көріп, көрменің қатысушысы болған жағдайда ғана сезінуге болады.

Әлемдік жоба «ЭКСПО - 2017» халықаралық көрмесін тамашалаған студенттердің қуанышында шек жоқ.

- Мөлдір Ізтұрғанова: «Теледидар, әлеуметтік желідегі бейнелерді өз көзіммен тамашалағаныма қуаныштымын. «ЭКСПО-2017» көрмесінен алған әсерімді айтып жеткізу мүмкін емес, бәрі керемет. Әртүрлі елдердің мәдениеттерімен қатар ғылымымен, озық технологиясымен танысуға мүмкіндік бар. Осындай көрмені тамашалауға жағдай жасаған университет басшылығына алғысым шексіз. Бұл көрме елімізге пайдасын тигізетін жобалардың бірі екені айтпасада түсінікті» - дейді университетіміздің студенті ЭКСПО-2017 көрмесі туралы пікірінде.

**Алтынай СӘЛІМГЕРЕЙҚЫЗЫ**



# KIDS UNIVERSITY – ЖАЗҒЫ МАУСЫМЫ АЯҚТАЛДЫ



1 маусым – Балаларды қорғау күні қарсаңында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Балалар университетінің екінші маусымы басталған болатын. Балалардың білімге деген құмарлығын дамытуға көмектесетін, қалыпты мектептен өзгеше оқыту әдістемесін ұсынатын бірегей жобаның басты мақсаты мектеп оқушыларының жазғы демалысында айналасындағы бейтаныс ақпараттарға деген қызығушылығын оятып, креативті ойлауын дамытатын инновациялық жобалардың бірі болатын. Балалар білімнің саналуан саласымен танысып, оларды ойын формасында зерттейтін болады.

10 маусым «Балалар университеті» бүлдіршіндері үшін тамаша күн болды. Бұл күннің ерекшелігі он күн бойы профессор-оқытушылардан тәлім алған, көп нәрсені үйреніп, бір-біріне дос та тауып үлгерген кішкентай студеттеріміз оқуларын аяқтады.

Балалар университеті жазғы маусымының жабылуына арналған салтанатты кешті Атырау мемлекеттік университетінің бірінші проректоры – стратегиялық жоспарлау және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Айгерім СЕНБЕКҚЫЗЫ мен студент Нұрхан ШАУҚАРОВ ағылшын және қазақ тілдерінде жүргізді. Шара университетіміздің ректоры Абзал Ахатұлының құттықтау сөзімен басталып, өз жалғасын тапты.

Балалар университетінің ректоры Орынгүл Абилова сөз алып, барлық қатысушыларға алғыс айтып, осы жобаның ашылуына тікелей ықпал еткен университетіміздің бірінші проректоры – стратегиялық жоспарлау және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Айгерім ШИЛІБЕКОВА ата-аналар атынан үлкен алғысын білдіріп, осы уақыт ішінде балалармен бірге жүрген оқытушылар мен еріктілерге алғыс хаттарын табыстады. Балалар университетінің барлық студенттеріне диплом табысталды. Шара барысында «Балалар университеті» студенттерінің орындауында ән шырқалып, би де биленді. Кеш соңында жоба қатысушылары естелік суреттерге түсті.



**Арайлым НАРЕШОВА,**
**медиа-қызмет орталығының маманы**

## ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫМНЫҢ ОН КҮНІ



Биылғы жазғы демалысымның алғашқы он күні ерекше басталды. Бұған дәлел, «Балалалар университетіне» оқуға қабылданып студент атандым. Бұл мен үшін күтпеген қуаныш еді, қандай тосын сый осы шараның ашылу салтанатының жүргізушісі болдым. Алғашында әрине, толқып, бойымды қорқыныш биледі. Бірақ, өз-өзімді әбден дайындап, Нұрхан ағамен бірге ашылу салтанатының шымылдығын аштық.

Балалар университеті туралы мен анамнан естідім және оған жазғы демалысында барып қатысып, үлкен білім ордасында білім аласың дегенде,- сол күнді асыға күттім. Біз бұл жерде бірнеше сабақтар оқып, көп нәрселер үйрендік. Әсіресе, маған сурет, графика, дизайн сабақтары қатты ұнады. ЭкоLaife-сабағында Жайық өзеніне бардық. Өзеннен алынған суды лабораторияға әкеліп зерттеулер жүргіздік. Әр сабақтың өз ерекшелігі бар. Бұл жерден өзіме жаңа достар таптым. Барлығымыз бір-бірімізбен тез тіл табысып, достасып кеттік. Балалар университетінің ұйымдастырушыларына, ұстаздарымызға, тәлімгерлерімізге және мені осы оқуға алып келген анама алғыс білдіремін.

**Аружан АМАНГЕЛДИЕВА,**
**Атырау қаласы**
**С.Датов атындағы № 26 орта мектептің 5 сынып оқушысы**

## ҚЫДЫРЫП КЕЛІП – СТУДЕНТ АТАНДЫМ



Жазғы демалысымды қалада өткізгім келді. Қалада жездем мен апам тұрады. Апатайымның айтуымен мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінен ашылған «Балалар университетіне» оқуға келдім. Бойым кішкентай, ауылдан келген қара бала болсам да, қалалық студент атандым. Сабақ басталғаннан бері бір жалыққан емеспін. Әр күні әр түрлі сабақтар, әр түрлі тапсырмалар. Мұнда өте қызықты, әрі көңілді. Ұстаздарымыз барлығымызға бірдей қарайды, кей жерлерін түсінбесек сұрап аламыз. Ағылшын тілінен өткен фестиваль маған қатты ұнады. Вокаль, хореография сабақтарындағы апайлар біздерге қиын болсада әрбір қимылды үйретуге тырысты. Маған барлық сабақта ұнады. Қалалық балалармен достастым. Апайларым мені кішкентайымыз деп еркелетті. Ауылға барғанда бұл жерде өткізген қызықты күндерімнің барлығын достарыма айтып беремін. Осы уақытта сабақ берген барлық ұстаздарыма алғыс білдіремін.

**Радмир ЖАҢБЫРБАЙ,**
**Құрманғазы ауданы Нұржау орта мектебінің**
**4 сынып оқушысы**

# Жазғы лагерь

**4 маусымда ашылу салтанаты өткен «English is Great» фестивалі 10 маусымда аяқталды.**



Атырау мемлекеттік университеті «English for success» атты жоба аясында «Теңізшевройл» компаниясының қолдауымен Британдық Кеңеспен бірлесе отырып, аз қамтылған отбасы балалары мен алыс аудандардағы балалар үшін жазғы лагерь ұйымдастырған болатын.

Аталмыш лагерьге Құлсары және Атырау қалаларынан жолдама алған 19 оқушы қатысты. Лагерь ағылшын тілін дамыту мақсатында болғандықтан, бастан-аяқ ағылшын тілінде жүргізілді. АҚШ, Ұлыбритания, Малайзиядан келген еріктілер лагерь барысында Мариана Ван Граан таңертеңгі сағат 9:00 мен 12:00 арасында интенсивті ағылшын тілі сабағын жүргізді. Сондай-ақ Молли ИММЕРЗИЛ егінде тұратын қарақшылардың бейнесін қолдан жасатып, фотоға түсірудің қыр-сырын үйретсе, Джин ДЖИЛ тоқыма тоқу шеберліктерін өткізді. Британдық Кеңес тренері Линда Смарт және ерікті Тони МЭЙСОН қатысушыларға арналған көптеген танымдық ойындарын ойнатты. Тағы бір айта кететіні, жазғы лагерь оқушыларының «Caspian club» демалыс орнына баруымен ерекшеленді.

Лагерь маусымының жабылуына арналған салтанатты кешті Атырау мемлекеттік университетінің бірінші проректоры - стратегиялық жоспарлау және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Айгерім ШИЛІБЕКОВА мен студент Нұрхан ШАУҚАРОВ жүргізді. Шара университетіміздің ректоры Абзал ТАЛТЕНОВТЫҢ құттықтау сөзімен басталып, әрі қарай лагерь оқушыларының ән айтып, флешмоб билеп, шағын көрме ұйымдастыруымен жалғасты.

**Малика ТАКЕЖАНҚЫЗЫ,**
**медиа-қызмет орталығының тілшісі**









**Университетті үздік бітіріп, жас маман атанған түлектердің толғанысына назар аударыңыз.**

# Түлектердің



**Арайлым ҚАЛЫМЖАНОВА, гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері факультетінің түлегі:** «Біріншіден, мен осындай білім ордасының үздік түлегі болғаныма қуаныштымын! Себебі осы университет арқылы мен, өзімнің жасырынып жатқан талантгарымды, өзге де жақсы қасиеттерімді көрсетіп, өзімді белсенді ретінде таныта алдым. Осы университетке келгелі мен, сүйікті мандығыма оқуға түсіп, мектепте алған білімімді әрі қарай шыңдай алдым. Болашақта ең білгір маман ретінде жұмыс жасайтыныма сенімдімін. Бір айта кететіні, біздің оқу ордамызда білім аламын, белсенді студент боламын деп келген талапкерлерге жағдайлар қарастырылған. Соның ішінде мысалға мен 2курста мемлекеттік және Гейдаралиев атындағы шәкіртақы иегері атандым. Сол үшін де ең алдымен қарашаңырағымыздағы профессор-оқытушыларға шексіз алғыс білдіремін! Сонымен қатар, осы университет қабырғасында оқып жүргендегі ең бір керемет толғаныстарымды, мұғалімдерге деген алғысымды бүгінгі өзімнің туған күнімде медиа-қызмет орталығы арқылы жеткізудемін, сол үшін де сіздерге де рахмет!»



**Әсем БАҒЫТОВА, экономика және құқық факультетінің түлегі:** «11 сынып бітіргенде түлектің алдында бір мақсат болады, ол өзі қалаған мамандығына оқуға түсу. Сол секілді мен де заңгер болу арман-мақсатыммен осы оқу орнына түстім. Қарап тұрсақ, уақыт зымырап өтіп кетіпті. Кеше ғана университет табалдырығын аттап жатыр едім, бүгін міне 4 курс түлегі атанып жатырмын. Негізінен алғашында басқа оқу орнына түсем деп ойлағам, белгілі жағдайларға байланысты осы оқу орнының студенті атандым. Қарап тұрсам, сол төрт жылым құр босқа кетпепті. Өте көп шараларға қатыстым, белсенділер қатарынан көрініп талай қызықтарды бастан өткердім. Мені жақсы жақтарына қарай өзгерткен ортаны кездестірдім, жақсы достар таптым. Қазіргі таңда азаматтық құқық кафедрасының қызыл диплом иегерімін. Осындай дәрежеге көтерілуім мұғалімдерімнің арқасында деп білемін. Сондықтан кафедра оқытушыларына рахмет айтамын»



**Данияр ТУЛЕКОВ, выпускник факультета гуманитарных наук и иностранных языков:** «Переступив порог факультета гуманитарных наук и иностранных языков, я увидел дивные краски студенческой жизни и был поражён - сколько возможностей развиваться, сколько препятствий в хорошем смысле слова, которые сделают нас лучше в течении этих четырёх лет. На первом же курсе, влившись в группу активистов нашего факультета, я начал активно участвовать в жизни университета. В конце первого курса появилась возможность отучиться один семестр заграницей. И уже через некоторое время я стал обладателем гранта для учёбы зарубежом.

В Штатах я старался быть достойным называться студентом из Казахстана! Участвовал в различных мероприятиях, был волонтёром, помогал другим иностранным студентам. За время обучения прошёл множество тренингов и поучаствовал во многих мероприятиях. Благодаря Университету я обрёл навыки ораторского мастерства и, по словам своих знакомых, стал хорошим ведущим.

Всех возможностей и достижений, которых я достиг благодаря нашему Университету, невозможно описать словами. Я окончил вуз. Теперь я совсем не похож на того паренька, который впервые переступил порог цитадели знаний, я стал тем человеком, который отныне с уверенностью может смотреть в будущее.

Я хочу поблагодарить всех, кто принял активное участие в моём развитии. И я вам обещаю, что никогда этого не забуду, и не только пронесу данные вами знания через жизнь, но и стану достойным преподавателем, и помогу поднять молодёжь нашей великой страны!»



**Еркебұлан МУТИГУЛЛИН, гуманитарлық ғылымдар және шетел тілдері факультетінің түлегі:** «Мен, тарих мамандығының 2017 жылғы түлегі боламын. Ең алғаш рет осындай оқу орнына келгенімде бойымда қуаныш та болды, үрей де болды. Себебі мектеп бітіріп келген сары уыз бала, үлкен өмірге қадам басты. Университетте бәрі қалай болар екен деген сұраққа мың ойланып, толғанып келдім. Оқу ордасына келгеннен кейін көп мүмкіндіктерге ие болдым. Атап айтқанда мемлекеттік гранттың иегерімін. Көп нәрсені білдім, үйрендім. Студенттік кезімде өмірімде пайда болған адамдардың барлығы менің көзқарасымды өзгертті. Үлкен өмірдің қиындығын да, қызығын да көрдім. Осынау төрт жылдың ішінде өзіме көп тәжірибе жинадым, бойымдағы ашылмаған жақсы қасиеттерімді қалыптастырдым. Университет білікті маман болатындай терең білім мен тәрбие берді. 17 жасым қайта айналып келер болса, осы оқу орнын ойланбастан таңдар едім. Жоғары оқу орнына дейін мен тұйықтау, көп ешкімге ашыла сөйлемейтін бала болдым. Ал қазіргідей үлгілі әрі белсенді студенттердің бірі етіп мені өзгерткен университеттің ұжымына алғыс білдіремін!»



# толғанысы…



**Ақерке ЕРКІНОВА, физика-математика және ақпараттық технологиялар факультетінің түлегі:** «Осыдан 4 жыл бұрын осы университетке өз қалауыммен түстім. Алғашқыда ақылы негізде оқыдым. Түскеннен кейін оқуға талпындым, 1 курсты толықтай 5 деген бағамен аяқтаған соң, 2 курста университет мені мемлекеттік грантқа ұсынды. Ал 3 курста президенттік шәкіртақыға үміткер болдым. 4 курсқа келгенде «Жас дарындар» байқауына қатысып, «Жыл студенті» атандым. Университет табалдырығынан аттағалы бұл оқу орны бізді жан-жақты қырымыздан танытты. Студенттік кезең жауапкершілікті көп талап етеді. Университеттің маған берген мүмкіндіктерінің ішінде Қызылорда, Түркістан, Алматы, Семей қалаларына іс-сапармен барып келген едім. Осы арқылы өзгелермен көп тәжірибе алмастым. Қазірдің өзінде, университетті қимаймын, біртүрлі осы оқу орнынан кеткім келмейді. Адам өмір бойы оқыса да артық етпейді ғой. Маған қайта оқу бұйырса да Атырау мемлекеттік университетін таңдар едім. Осы орайда, университеттің профессор-оқытушыларына рахмет айтқым келеді. Сондай-ақ факультет мұғалімдеріне де әркез қолдау көрсеткендеріне алғысым шексіз!»



**Гүлжан АБЫЛАЙХАНОВА, экономика және құқық факультетінің түлегі:** «Осыдан төрт жыл бұрын Атырау мемлекеттік университетін таңдағаныма өте қуаныштымын. Бұл оқу орны мені білім нәрімен сусындатып қана қоймай, жан-жақты шыңдады. Мен оқу орнына түскенімнен кейін мемлкеттік грант және президенттік шәкірақы иегері атандым. Өзінің біліміне сенетін студентке бұл университетте көп мүмкіндіктер қарастырылған. Сондықтан жас талапкерлерге айтарым біздің оқу ордамызды таңдасаңыздар еш өкінбейсіздер. Сіздердің жаңа қырыңыздан танытатын, таланттарыңызды ашатын орда. Ал мен осы орайда университеттің оқытушыларына үлкен рахмет айтам. Сонымен қатар университетіміз әлемнің алдыңғы қатарлары оқу орындарының қатарынан көрінсін деймін!»



**Жаңыл Жексенбаева, жаратылыстану және ауыл шаруашылығы факультетінің түлегі:** «Мен, Х.Досмұхамедов атамыздың туған жері Қызылқоға ауданынан боламын. 2013 жылы Батыс өңіріндегі бірден бір дамыған оқу ордасы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне оқуға түскен болатынмын. «Университет-кемел білім бергенімен, терең тәрбие бере алмайды» деген сөз бар. Бірақ мен өз көзқарасыммен ол сөзге түбегейлі қарсы шығар ем. Өйткені оқуға түскенімнен көптеген іс-шараларға қатыстық, көрдік, білдік, үйрендік, тәжірибе алдық. Адамдармен араласу арқылы тәрбие алдым. Университет көптеген қалалық, облыстық сайыстарға қатысу, басқа қалаларда тіпті, шет елдерде білім алу деген сияқты жан-жақты мүмкіндіктер береді.Соның ішінде Энактус жобасы арқылы университеттің қолдауымен Алматыға лагерьге баруға мүмкіндік туды. Студенттік шақты да өте қызықты етіп өткіздім. Осы оқу орнының түлегі болғаныма қуаныштымын. Университетіміз алға қарай қадам баса берсін! Басқа оқу ордаларын шаң қаптырып кетсін. Мұғалімдердің еңбектері жемісті болсын!»



Бетті дайындаған: Малика ТАКЕЖАНҚЫЗЫ медиа-қызмет орталығының тілшісі

# Зымырап өткен 4 жыл...

**Биыл университетімізді 137 магистрант, 1635 студент тәмәмдамақшы, олардың 105 үздік диплом иегері атанып отыр. Айта кетсек, түлектеріміз дипломдарын салтанатты түрде 5 шілде күні қолдарына алмақ. Студенттік өмірлерін артқа тастап, маман иесі атанғалы отырған белсенді түлектерімізбен сұхбаттасқан болатынбыз:**

**1) - Университетке алғаш келген кезіңіз есіңіздеме?**
**2) - Студенттік шағыңыздағы ең қызықты, есте қалатын оқиғаңызбен бөліссеңіз...**
**3) - Талапкерлерге, университетімізге тілегіңіз?**



**Абай ҚАСЫМОВ,**
**физика мамандығы:**

1) Университеттегі алғашқы сезім оның өзі бір қызық болатын, алғашқы университет табылдырығын аттаған күнім әлі есімде. 2 қыркүйек дүйсенбі күні біздерді ЖОО қабылдап, алғаш 321 аудитория жинаған болатын. Ішке енген оқытушы бізді құттықтап, экономика, заң туралы түсіндіре бастады. Содан мен жанымдағылардан бұл қай факультет десем, Заң факультеті дейді. Қателескенімді біліп, жарты сағаттай іште оқытушының сөзің тыңдап, өз факультетіме барайын деп аудиториядан шығып кеттім. Енді өз факультетімді іздеп біраз жүріп, ақыры таптым бірақ, ішке кіру ұяндау ауыл баласы үшін мұң болды, солай аудитория алдында тұрған сәтімде дәлізден «ректор» келе жатыр деген апайлардың дауысын естіп, ішке қалай енгенімді білмей қалдым. Орныма жайғасқан соң, лық толы студенттерді группаластарымба, не деген көп деп таңырқай отырсам, бұлар факультеттегі курстастарым екен. Адасып жүріп ,әйтеуір, группаластарымен таныс болдым.

2) Қызықты оқиғам ,айтып кеткендей факульетімді таба алмай жүрген сәтім. Деканымыз Бекет Зинешұлына барып.

– ағай , физика - математика факультеті нешенші аудиторияда екен - деп сұрағанда

– бакалаврма?- деп сұрақ қойды. Мен болсам, жоқ-дедім.

– аа магистрма-деді.

Ал, мен магистрдің ЖОО кейінгі дәреже екендігі есіме түсіп, йә, йә бакалавр ағай деп, ағаймен әбден күлгенбіз.

Екінші оқиға, ол шіркін, "құдай-ау қайда сол жылдар, махаббат қызық мол жылдар", Университетте алғашқы дәрістер кезінде өзге факультет студенттерімен қосыла сабақ оқитынбыз, сол оқудың алғашқы аптасында 1 қызға ғашық болып, соны көру үшін 1 аптаны асыға күтетінмін. қазір ойлап отырсам, расымен қызықты кездер екен, сол қыз мені ақын қылды, сол қыз мені шынайы сүюдің не екенін ұғындырды. Қазір тамаша доспыз, сол қызға арнаған бірнеше өлең жолдары әлі менде сақтаулы, ол қыз да сол өлең жолдарын ұмытпаған екен, бұл да бір студенттік күндердің қызықты да тәтті естелігі деп білемін.

3) Тарихы тереңде жатқан қара шаңырағымызға тілерім, қоғамға пайдасын әкелер мамандарды, белсенді де білікті жастарды тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып шығара бергей. Біз Атыраудағы осындай оқу орнында оқып шыққанымызды мақтан тұтамыз. Әркімнің өмірі әрқалай, кімнің қалай оқитыны, кімнің қандай нәтиже көрсететіндігі оқу орнына байланысты емес, мен осы оқу орынында оқып жүріп, өз мамандығым бойынша білімді, қоғамның белсенді азаматы болуды үйрендім, ең басты құндылығым жан-жақтан көптеген достар таптым. Бұл менің үлкен байлығым. Ең алғаш 1 курсымда университет газетіне деп бір өлең шығарған болатынмын, есімде қалған соңғы жолында: "4 жыл ғана өмірді студенттік, өткізейік достарым қызықты қып",- деген екем, осы жолдарды, өзімнен кейінгі өскелең жас өрендерге де айтқым келеді. "Қоғам маған не береді деп емес, мен қоғамға не беремін",- деген ұстаныммен жүрейік достар!



**Айымжан НҰРМАНОВА,**
**информатика мамандығы:**

1) Иә, есімде, алғашқыда университет маған үлкен сарай сияқты көрініп, өзімді ішінде адасып кететіндей сезінетінмін, талай адастым да. Сабаққа бару үшін басқа қалаға бара жатқандай таңмен тұрып дайындалатынмын. Алғашқы күннен бастап әртүрлі шараларға белсене қатысып, жаңа орта, жаныма жақын достар таптым. Қазір ойлап отырсам, 4 жылым зулап өтіп кетіпті. Маған үлкен мүмкіндік пен өмірлік сабақ берген өз қаламның қара шаңырағында білім алғаныма өте қуаныштымын. Өмірімнің ең қызық сәттерінің бірі осы студенттік шағым болмақ.

2) Қызық оқиғалар көп болды, қазір есіме түскені, 1 курста асханада группаластарыммен тамақтанып отырғанбыз, байқаусызда 1 бокалды сындырып алдық. Асханадағы апай қатал еді, содан қорқып бокалдың сынықтарын білдіртпей қоқысқа тастап, тығылып қашып кеткеніміз бар. Бірақ көрген сайын ұялатынбыз.

3) Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті мен үшін ең мықты оқу орны, бұйырса магистратураны да осы университеттен оқымақпын. Талапкердерді, әсіресе, өз қаламыздың талапкерлерін осы оқу орнына білім алуға шақырамын. Жетістікке жету өзіміздің қолымызда екенін айтқым келеді, біз арқылы университеттің де беделі артатынына сенімдемін.



**Зейнұр ЖАПАРОВ,**
**құқықтану мамандығы:**

1) Алғаш университетке сыныптасымен бірге келіп, екеуміз аудиториямызды таба алмай басқа мамандықтың сабағына қатысып, адасқан болатынбыз. Университеттегі алғашқы күнім Сонысымен есте қалды.

2) Биыл, Алматы қаласындағы «Мен жастарға сенемін» атты патриоттық формуға«Ұлан» тобы болып қатысқан болатынбыз. Фестивальдің гала-концерті сағат 11:00 де жоспарлаған. Соған дейін үлгеріп банкоматқа барып ақша түсіріп аламыз деген ой болды. Алматыны білмегесін карта арқылы бонкаматты іздеп шықтық. Адасып, таба алмай біраз уақыт жүріп тауып, өкпемізді қолға алып жүгіріп келсек концерт басталып кеткен, 3-інші болып шығатын болған біздер 18-інші болып шығып әнімізді ентігіп орындап болған соң әбден күліп, ақыры сол сайыстан жүлделі үшінші орынмен оралдық. Осы қызықты оқиға есімде қалыпты.

3) Талапкерлерге, студенттерге айтарым өз-өздеріңді көрсетіп, оқып жатырған мамандықтарыңды жақсы меңгеріп, білікті иесі болыңдар дегім келеді. Университетке тілегім арықарай дамып, Атырауда осындай мықты университет бар екен деп басқа қалалардағы талапкерлер іздеп келіп түсетіндей дәрежеге жетсін деймін.



**Қуаныш ҚАШҚЫЛДЫҚОВ,**
**биология мамандығы:**

1) Жалпы, университетке келген кездегі сезім ерекше, қаланы дұрыс білмейтін, ауылдан келген қара домалақ балаға бұл жердің тылсым қыр-сырларын білу қызықты да, қорқынышты болды. Бірақ уақыт өте келе үйреніспі кеттім Мен үшін жаңа бастамалардың, мүмкіндіктердің негізі болған осы университет деп айтсам болады. Өйткені, бұл жерге келгенде жаңа орта, достар тауып, жаңа дүниелермен таныстым.

2) Студенттік кезде қызықты оқиғалар өте көп болды. Себебі, шүкір достарым көп, солардың ортасында жүріп талай қызықты оқиғаның кейіпкеріде, куәсі де болдым. Кезекті бір концерте досым өнер көрсететін болды, оған пушка қажет болып, көмек ретінде пушканы музыкант ағайдан сұрап алдым. Ол кісі удлинительмен бірге ал деп кабинетінің кілтін берді. Кабинетке кірсем екі удлинитель жатыр екен мен пушкамен бір удлинительді алып тоққа қосқаным сол еді, от шығып түтін болып кетті. Мен есім шығып не

# БІЗДІҢ ТҮЛЕКТЕР

істерімді білмей, біраздан кейін тоқтан суырып пушкны жинап орынына қойып кеттім ешкімге айтпай. Бір ай өткенен кейін музыкант ағай біліп, Қуаныш пушканы бүлдіріпсің ғой деді, Сол кезде мойындап кешірім сұрадым. Бұл оқиғаны қазір қызықты сәттердің бірі реттінде еске аламыз.

3) Биылғы талапкерлерге тілейтінім мамндықтарын жақсы меңгеріп, сонымен қатар студенттік өмірлерін қызықты өткізу үшін қоғамдық шараларға белсене араласып, жан-жақты қырларынан танылыңыздар дегім келеді. Қара шаңырағымыз университетіміз одан әрі дамып өркендей берсін.



**Несібелі Есілханқызы, орыс тілі мен әдебиеті мамандығы:**

1) Әрине есімде, тамыз айының соңында құжаттарымды тапсыруға келген болатынмын. Келесі күні бізді факультетке қабылданған 1 курс студентерін 136 аудиторияға жинап, декан, кафедра меңгерушісі барлығы оқу процесін түсіндірген болатын. Алғашқы кезде қазақ мектебін бітіріп келгендіктен орысша сөйлеуге ұялатын едім. Кейін бұл комплексімді жеңдім. Мен алғашында университете оқудың жауапкершілігін түсінбедім, әбден қазір 4 курста түсініп жатырмын маңыздылығын.

2) 1 курста түрлі спорттық шараларға, дебаттарға қалмай қатсып жүруге тырыстым. Ең қызықты сәттерім осы шараларға қатысқаным және волонтер(ерікті) болып облыстық, республикалық, халықаралық дәрежедегі шараларда төбе көрсеткенім деп санаймын. 3 курстың 2 семестрінде Ресейдегі Қалмақ мемлекеттік университетіне академиялық ұтқырлықпен оқуға барған болатынмын, сол жақта велосипедтен құлап, ауруханаға түсіп өмірімде бірінші рет ота жасап, оқытушылар студенттер бәрі алаңдап дүр сілкінген болатын.Осы оқиға студенттік кездегі қызықты сәт болып есімде қалды.

3) Биыл түсетін және оқып жатырған студенттерге айтарым лайықты университеті таңдадыңыздар. Өйтекені, біздің университетте квалификациясы жоғары оқытушылар өте көп, олар сіздердің білікті маман иесі болуларыңызға көп көмегін береді дегім келеді. Университетіміз ары қарай дамып, жетіле берсін.




**Нұрхан ШАУҚАРОВ, қаржы мамандығы:**

1) Есімде, шортикпен келіп, айқай естіп алған болатынмын. Поточный аудиторияға келіп группаластарыммен таныстым.

2) Қызықты сәттер көп болды. 3 курста Алматы қаласына «Enactus Kazakhstan» жобасына барған болатынбыз. Жобаға дайындық ретінде поезд станцияға тоқтаған сайын, біз түсіп қатар-қатар тізіліп тұрып, баяндамамызды айтып беріп отырдық. Басында ыңғайсыздық болды, бірақ бұның көп көмегі тиді. Барлығы фото, видеоға түсіріп, қызығушылық танытып жатты.

3) Студенттерге айтарым біздің университет жан –жақты дамыған сондықтан біліммен қатар әртүрлі (спрот, өнер) қырларыңнан танылаңдар дегім келеді.Оған біздің университете мүмкіншілік көп. Унивеситетке тілегім өркендей берсін, салынып жатырған стадион т.б құрлыстары іске қосылып, Қазақстандағы алдыңғы қатврлы университетің бірегейі атансын.



**Айкенже ЖАСҰЛАНОВА, специалист экология:**

1) Я вообще-то не планировала оставаться в Атырау. Я не думала, что поступлю в Атырауский государственный университет. Но сложилось так, что я уже здесь. И потом со временем я привыкла ко всему. Общалась с одногруппниками и преподавателями. Оказалось, что они все великолепные люди. Я хотела жить как студент, а не просто существовать. Поначалу я училась на коммерческом отделении. Поэтому я усердно училась.

Потом получила государственный грант. Участвовала во многих конкурсах и была членом команды Энактус. Я выезжала во многие города Казахстана - меня спонсировал университет. Университет дал мне очень много возможностей. И я не сожалею, что поступила сюда.

2) В моей студенческой жизни очень много интересных историй. Я рас-скажу вам одну из них. Лето 2016 года. Когда я окончила 3 курс, меня позвали в летний лагерь в Актау. А потом пригласили в Астану тоже в лагерь. И тогда я отмечала свое двадцатилетие в кругу совсем незнакомых людей. И, знаете, эти люди сделали мне сюрприз: накрыли стол, купили цветы. Это осталось в моей памяти.

3) Я хочу сказать что студент должен жить так, чтобы его студенческая жизнь была запоминающейся. Воплотите все ваши мечты! Желаю успеха! Везде участвуйте, живите, пробуйте все то, что жизнь вам дала. И конечно же, благодарю университет, что всегда поддерживает молодежь.



**Анаргүл Мерсадикова журналистика мамандығы:**

1) Әрине, есімде. Осы университетке оқу арманым болатын. 2013 жылы арманым орындалып, өзім қалаған журналистика мамандығына оқуға түстім.

2) Төрт жыл ішінде қызықты сәттер өте көп болды. Соның бірі, әдеттегідей мамандығымыз бойынша бейнеролик түсіруіміз керек. Ал, біздің микрофонымыз жасамайтын болып шықты. Білдіртпес үшін дауысымызды қаттырақ шығарып, адамдармен сұхбаттасқан болатынбыз.(күлді) Осылай айла тапқанымызды әлі күнге дейін еске алып күліп аламыз.

3) Университетімізге оқуға түсуге ниет танытып отырған талапкерлерге сәтілік тілеймін. Студенттік кезең өмірдегі ең маңызды белестердің бірі, сол белестің биігінен көрінуді жазсын. Үлкен білім ордамызға мен орасан зор табыс тілеймін.



**Әділбек Өмірзақов тарих мамандығы:**

1) 2013-тің аптап ыстығында арман сапарымды университеттен бастаған болатынмын.Ең алғашқы сәтте бізді қарсы алған марқұм Алпысбаев Талғат Қанашұлы болатын. Бізді өз баласындай көретін, жүрегі кең азамат еді. Оқу ордасының іші-сыртын түгелдей дерлік таныстырып, кітапханаға беттеген сәтімізде, бір ғана сұраққа жауап беріп, Рақымжан Отарбаев пен Мереке Құлкеновтың бірлесіп дайындаған "Х.Досмұхамедов" кітабын сыйлаған болатын.

Ең алғаш көк кәстюмді киіп алып, Білім күніне арналған лекцияны тыңдау үшін барғанбыз. Профессор Құсниденов Серікқали, Қадыр Жүсіп, Жәмиға Таңатарова баяндама жасаған болатын.

Кураторымыз Гүлмира апайымызға шексіз алғысымды білдіремін.

"Әй,бұл баланың білгені әрі білері көп",-деп қуат берген ұстазымыз Жиенбай Бақи, Амангелді Шамғонов, Шахман Нағымовтай ұстаздарымды айтқым келеді.

Археологияның ауылын аралатып, бізді жұлдыз еткен Марат Қасеновке,

Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының меңгерушісі Серік Орынғалиұлына, әдістеменің әлемін меңгеруге білім қосқан Айдар Сабырұлына, Нағима Нәжімеденқызына, дипломдық жетекшім Лесқали Базарғалиұлына ерекше алғысымды білдіремін.

Университет біздің бала күнгі арманымды жүзеге асырып, Алматы шаһарын көріп, Алатауға үздіге қараған болатынмын.

Тіршілікте сыйласатын достарымды таптым. Олардың пейілі қандай болса да менің жүрегімнің түкпірінде сақталатын асыл жандар.

2) Ең қызықты оқиғамыз - археологиялық экспедицияға барып, жәдігер тапқанымыз еді. Бұл Махамбет ауданы, Ақжайық ауылының маңындағы Жангелді қорғаны еді. Сол күндері теледидарға шыққан едік. Сонда археолог Марат Қасенов міне, бір күнде "звезда" болдыңдар деген еді. "Ойлы көзбен қараңдар",-деген ғажап бұйрығы да болды.

3) Қара шаңырақтың қасиетін ұғатын түлектері көбейсін. Ұстаздарымыз аман болсын!

**Белгілі бір мамандық иесі атанып, өмір жолына енді ғана қадам басқалы отырған түлектеріміздің алдағы еңбек жолына сәттілік, қызметтеріне шығармашылық табыстар тілейміз. Білікті маман болатындарына сенеміз.**

**Сұхбаттасқан:Алтынай СӘЛІМГЕРЕЙҚЫЗЫ, медиа-қызмет орталығының тілшісі**

# Тарбағатайда Ырғызбай Досханұлы атындағы қазақ күресінен Әлем кубогі өтті

**Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында 26-27 мамыр күндері ерекше тылысым күш иесі, көріпкел, емші Ырғызбай Досханұлы атында ІІІ Әлем кубогі өтті. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, Халықаралық додаға қатысу үшін әлемнің 25 елінен 3 салмақта ең мықты палуандар қатысты. Олар Туркия, Чехия, Украина, Литва, Беларуссия, Рессей, Бельгия, Армения, Грузия, Латвия, Эстония, Германия және ең үздік Азия құрлығының мықты палуандары.**



Жарыс демеушілері «Казцинк» кәсіпорыны, «Казком», «Қазақтелеком», «Банк Астана» сынды компаниялар. Жарыс қоры 100 000 АҚШ доллары болды.

Ырғызбай Досханұлы 1787 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданындағы Қарақия тауының бурайында өмірге келіп, 1850 жылы Тарбағатай ауданының Күмісті бастауында қайтыс болған. Көзінің тірісінде Абайдың атасы Өскенбайды, Құнанбай қажыны, атақты айтыс ақыны Түбекті және т.б. науқастарды емдеген. Алыс-жақын шетелдерден сырқаттанған адамдар ағылып келіп, Ырғызбай әулиенің аянымен ауыруларынан жазылып қайтқан.

Осы жарыста университетіміздің дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, Азия қазақ күресі федерациясының бас хатшысы, халықаралық дәрежедегі төреші Хабиров Рафаэль Ралитұлы төрешілік жасады. Аталмыш жарысқа Атырау мемлекеттік университеті Көптілді білім беру факультетінің тыңдаушысы Айбұлан Дабылтай 70 келі салмақта жарысқа қатысып, 5 – ші орынды иеленді.

Жарысқа Дүниежүзілік қазақ күрес федерациясының Құрметті Президенті Қажымұхан Масимов пен Федерация Президенті Ислам Әбішов қатысты.

Жарыс жоғары дәрежеде өтті. Тартысты өткен сайыста қазақ балуандары намысты қолдан бермей 3 салмақта да жеңіске жетті. Сіздерге тартысты өткен сайыстың қорытындысын ұсынамыз:

**70 келі салмақта:**
**I орын – Қасымхан Төленбаев, Қазақстан**
**II орын – Мейірлан Ералиев, Қырғыз Республикасы**
**III орын – Зият Аташашвили, Грузия**

**90 келі салмақта:**
**I орын – Бекзат Ахметбеков, Қазақстан**
**II орын – Сайтжамал Аймаралов, Тәжікстан**
**III орын – Ракита Семян, Украина**

**90+ келі салмақта:**
**I орын – Айбек Нұғымаров, Қазақстан**
**II орын – Рустем Арсыланов, Ресей**
**III орын – Еркін Данияров, Өзбекстан**

Қазақ күресі Африка құрлығында 18-19 мамыр күндері Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының ұйымдастыруымен Оңтүстік Африка Республикасының Кейптаун қаласында төл спортымыз қазақ күресінен ІІ Африка құрлығының чемпионаты өтті. Жарысқа Африка құрлығының 15 мемлекетінің спортшылары қатысып, ерлер үш салмақта, әйелдер екі салмақта күш сынасты. Жарыс алдында 16-17 мамыр күндері Кейптаун қаласының екі күрес мектебінде чемпионаттың бағдарламасы мен тәртібі бойынша төрешілер, команда өкілдері мен спортшыларға қазақ күресінен семинар өткізілді. Университетіміздің дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, Азия қазақ күресі федерациясының бас хатшысы, халықаралық дәрежедегі төреші Хабиров Рафаэль Ралитұлы қазақ күресінен оқу жаттығу өткізіп қазақ күресінің әдіс тәсілдерін көрсетіп, төл күресіміздің ережелерін үйретіп, тәжірибелерімен бөлісті. Бұл жарыстың бір ерекшелігі, алғаш рет екі салмақ бойынша әйелдер арасында белдесулер өтті. Төл өнеріміздің көкжиегін кеңейтіп, мәртебесін арттыру мақсатында қолаға алынған бұл шара осы жоғары деңгейде жүзеге асты. Қазақ күресінің қыр-сырын меңгеріп, құдіретін мойындаған Африканың әр қиырынан келген балуандар екі күн бойы боз кілемде тер төгіп, өзара бәсекеде мықтыларды анықтады. Әйелдер арасында 70 келі салмақ дәрежесінде ЮАР-дың өкілі А.Петерсен озды. Финалда ол Свазилендтен келген К.Куненді қапы қалдырды. +70 келі салмақта Сейшел аралдарының спортшысы Г.Бакрустың бақ жұлдызы жанды. Ақтық сында ол Зимбабвенің мықтысы Л.Абдрейинен айласын асырды. Ерлер сайысында 70 келі салмақта свазилендтік Н. Маханиянның мерейі үстем болса, 80 келі салмақта зимбабвелік Т.Шинжикурге тең келер ешкім табылмады. Аса ауыр салмақта боз кілем қожайыны Д.Петерсен бас жүлдені олжалады. Осы жарысты жоғары деңгейде өтуіне көмектескені үшін Африка қазақ күресі федерациясының президенті Хусейн Наркерге, Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының бірінші вице-президенті Серік Адамұлы алғыс білдіріп, қазақтын шапаның жапты.





**Рафаэль ХАБИРОВ,**
**дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы**

## Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ 2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНА МАГИСТРАТУРАҒА ҚҰЖАТТАР ҚАБЫЛДАЙДЫ

Университет жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын 2003 жылдан бастап іске асырады, қазіргі таңда университет 600-ден астам магистрлер дайындап шығарды.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті магистратурасының білім беру бағдарламалары ғылыми-педагогикалық (оқу мерзімі – 2 жыл) және бейіндік (оқу мерзімі – 1 жыл) бағытта жүзеге асырылады.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистратурасына қабылдау 2012ж. 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру мекемелеріне қабылдаудың үлгі ережелерінің» негізінде жүргізіледі.

Магистратураға түсуге өтініштерді қабылдау мерзімі шілденің 10-ы мен 30-ы аралығында. Оқуға түсу емтихандары тамыздың 10-ы мен 20-сы аралығында өткізіледі, оқуға қабылдау 25-ші тамызға дейін жүргізіледі.

Магистратураға түсушілер қабылдау комиссиясына төменде көрсетілген құжаттарды тапсырады:
*университет ректорының атына жазылған өтініш;
* жоғарғы білімі туралы құжаттың көшірмесі қосымшасымен (нотариалды расталған);
*кадрлар есебі бойынша жеке іс парағы және еңбек қызметін дәлелдейтін құжаттың көшірмесі (нотариалды расталған, еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
*3 х 4 көлемдегі 6 фотосурет;
*086-У нысанындағы медициналық анықтама;
*жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
*ғылыми еңбектер және ғылыми-әдістемелік жұмыстар тізімі және олардың көшірмелері (бар болған жағдайда);
*шет тілі бойынша тест тапсыру үшін төлем түбіртегі;
Реквизиттер:
ҚР БжҒМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМКК
010011 Астана қ., Жеңіс даңғылы, 60
РНН 600300086081 БИН 000140001853
ИИК KZ536010111000001515
БИК HSBKKZKX КБЕ 16
«Қазақстан Халық банкі» АҚ
Шет тілі бойынша тест үшін төлем ақы – 4200 теңге.
*тезтікпе(скоросшиватель), конверт.

Құжаттардың көшірмелерімен бірге қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқасы салыстыру үшін ұсынылады. Салыстырғаннан кейін түпнұсқалар иесіне қайтарылады.
Магистрант магистратураға түсер алдында магистратураның сәйкес кәсіби оқу бағдарламасына қажетті барлық пререквизиттерді меңгерген болуы керек. Қажетті пререквизиттер тізімін ЖОО өзі анықтайды.
Қажетті пререквизиттер болмаған жағдайда магистрантқа оларды ақылы түрде меңгеруге рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда магистратурада білім алу магистрант пререквизиттерді толық меңгергеннен кейін басталады.
Қабылдау емтихандарының өткізілу тәртібі
Шетелдіктерді қоспағанда, магистратураға түсем деуші Қазақстан Республикасының азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар түсу емтихандарын:
шет тілінің бірінен (ағылшын, француз, неміс);
мамандық бойынша тапсырады.

Магистратураға түсуші шетел азаматтары түсу емтихандарын:
мемлекеттік немесе орыс тілдері бойынша (оқыту тілі);
мамандық бойынша тапсырады.
Мемлекеттік, орыс және шет тілдері бойынша түсу емтихандары ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технология бойынша өткізіледі.
Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттіліктеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгерүін дәлелдейтін:
ағылшын тілінен: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm(TOEFL ITP, шекті балл – кемінде 460), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based (TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 87), TOEFL, шекті балл – кемінде 560, International English Language Tests System (IELTS, шекті балл – кемінде 6.0);
неміс тілінен: Deutsche Sprachprfung fur den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/шекті балл – C 1), TestDaf-Prufung (Niveau C1/шекті балл – C 1);
француз тілінен: Test de Français Internationaltm (TFI – оқу және аудирование бөлімдері бойынша B1 деңгейінен төмен emes), Diplome d'Etudes en Langue fransaise (DELF, B2 деңгейінде), Diplome Approfondi de Langue francaise (DALF, C1 деңгейінде), Test de connaissance du français (TCF – шекті балл – кемінде 400) халықаралық сертификаты бар Қазақстан Республикасының азаматтары шет тілі бойынша түсу емтиханынан босатылады.

**Мекен-жайымыз:**
**Атырау қ.,**
**Студенттер даңғылы, 212.**
**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті**
**№ 1 оқу корпусы, 1 қатар, 111 бөлме**
**Телефон: +7(7122) 27-63-20**
**e-mail: kense@asu.edu.kz_сайт: asu.edu.kz**

## АТЫРАУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.Х.ДОСМУХАМЕДОВА ПРИНИМАЕТ ДОКУМЕНТЫ В МАГИСТРАТУРУ НА 2017-2018 УЧЕБНЫЙ ГОД

Университет реализует профессиональные учебные программы послевузовского образования с 2003 года, на сегодняшний день в университете подготовлено свыше шестиста магистров.

Образовательные программы магистратуры Атырауского государственного университета им.Х.Досмухамедова реализуются по научно-педагогическому (срок обучения – 2 года) и профильному (срок обучения – 1 год) направлениям.

Прием в магистратуру Атырауского государственного университета им. Х.Досмухамедова осуществляется согласно Типовым правилам приема на обучение в организации образования, реализующие профессиональные учебные программы послевузовского образования, утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 января 2012 года № 109.

Прием заявлений поступающих в магистратуру проводится с 10 по 30 июля. Вступительные экзамены в магистратуру проводятся с 10 по 20 августа, зачисление - до 25 августа.

Лица, поступающие в магистратуру подают в приемную комиссию следующие документы:
*заявление на имя ректора университета;
* копии документов о высшем образовании с приложениями (нотариально засвидетельствованные);
*личный листок по учету кадров и копию (нотариально засвидетельствованную) трудовой книжки при наличии (для лиц, имеющих трудовой стаж);
*шесть фотографий размером 3х4;
*медицинскую справку формы 086-У;
*копию удостоверения личности;
*список научных и научно-методических работ (в случае их наличия);
*квитанция об оплате за тестирование по иностранному языку;

Реквизиты:
РГКП «Национальный центр тестирования» МОН РК
010011 г.Астана, проспект Победы, 60
РНН 600300086081 БИН 000140001853
ИИК KZ536010111000001515
БИК HSBKKZKX КБЕ 16
АО «Народный банк Казахстана»
Стоимость тестирования по иностранному языку – 4200 тенге.
*скоросшиватель, конверт.

Вместе с копиями документов, указанных в настоящем пункте, предоставляется оригинал для сверки. После проведения сверки оригиналы возвращаются.
На «входе» магистрант должен иметь все пререквизиты, необходимые для освоения соответствующей профессиональной учебной программы магистратуры. Перечень необходимых пререквизитов определяется высшим учебным заведением самостоятельно.
При отсутствии необходимых пререквизитов магистранту разрешается их освоить на платной основе. В данном случае обучение в магистратуре начинается после полного освоения магистрантом пререквизитов.
Порядок проведения вступительных экзаменов
Граждане Республики Казахстан и лица без гражданства, за исключением иностранцев, поступающие в магистратуру сдают вступительные экзамены:
*по одному из иностранных языков по выбору (английский, французский, немецкий);
*по специальности.
Иностранцы, поступающие в магистратуру сдают вступительные экзамены:
*по государственному или русскому языкам (язык обучения);
*по специальности.
Вступительные экзамены по государственному, русскому и иностранным языкам проводятся по технологии, разработанной Национальным центром тестирования Министерства образования и науки Республики Казахстан.
Граждане Республики Казахстан, имеющие международные сертификаты, подтверждающие владение иностранным языком в соответствии с Общеевропейскими компетенциями (стандартами) владения иностранным языком:
английский язык: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP – не менее 460 баллов), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, пороговый балл – не менее 87), (TOEFL пороговый балл – не менее 560 баллов), International English Language Tests System (IELTS, пороговый балл – не менее 6.0);
немецкий язык: Deutsche Sprachprufung fur den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/ уровень C1), TestDaF-Prufung (Niveau C1/уровень C1);
французский язык: Test de Français International™ (TFI – не ниже уровня B1 по секциям чтения и аудирования), Diplome d'Etudes en Langue francaise (DELF, уровень B2), Diplome Approfondi de Langue francaise (DALF, уровень C1), Test de connaissance du francais (TCF – не менее 400 баллов) освобождаются от сдачи вступительного экзамена по иностранному языку.

**Наш адрес:**
**г. Атырау, проспект Студенческий, 212.**
**Атырауский государственный университет им.Х.Досмухамедова**
**Учебный корпус № 1, 1 этаж, 111 кабинет.**
**Телефон: +7(7122) 27-63-20**
**e-mail: kense@asu.edu.kz_сайт: asu.edu.kz**

# ТАЛАПКЕР АБИТУРИЕНТ

## ҚҰРМЕТТІ, ТАЛАПКЕР! ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ ШАҚЫРАДЫ!

**БІЗДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІМІЗ:**
**·48 мамандықтар бойынша кәсіби білім беру**
**·Атырау облысындағы жалғыз әскери кафедра**
**·Студенттер жатақханасы**
**·Студенттерді әлеуметтік қолдау және атаулы шәкіртақылар**
**·Магистратура**

Университет 2017-2018 оқу жылына күндізгі, кешкі, қысқартылған оқу түріне (колледжден кейінгі және екінші жоғары мамандыққа) оқуға қабылдайды.
Құжаттарды қабылдау:
Кешенді тестілеуге өтініш беру - **1 – 20 маусым**.
Шығармашылық мамандықтарға – **20 – 7 шілде**.
Педагогикалық мамандықтарға түсуге – **20 маусым – 18 тамыз**.
Білім гранты конкурсына – **23-31 шілде**.
Ұлттық бірыңғай тестілеуден 50-ден төмен балл жинаған немесе «қанағаттанарлықсыз» баға алғандар, сонымен қатар Ұлттық біріңғай тестілеуге қатынаспағандар үшін – **1-8 тамыз аралығы.**
Қайта тестілеу өткізу мерзімі – **19-24 тамыз аралығы.**
Сіздердің назарларыңызға төмендегідей ақпаратты ұсынамыз.

1)Білім гранты конкурсына қатысуға қажетті құжаттар тізімі (**23-31 шілде** аралығында қабылданады)
*Орта білім туралы (аттестат немесе диплом) (қосымшасымен) түпнұсқасы
*ҰБТ немесе кешенді тестілеуден өткендегі туралы сертификат
*Дәрігерлік анықтама 086-У
*Фото 3х4 (6 дана)
*Жеке бас куәлігінің көшірмесі
*Жеңілдік туралы құжат (бар болса)
*Скрошиватель
*Конверт

2)ҰБТ-дан және кешенді тестілеуден кейін ақылы негіздегі оқуға түсуге қажетті құжаттардың тізімі
**(20 маусым - 25 тамыз аралығында қабылданады)**
*Аттестаттың түпнұсқасы немесе КТ
*ҰБТ сертификаты немесе КТ
*Дәрігерлік анықтама 086-У, 063 формасы
*Фото 3х4 (6 дана)
*Жеке бас куәлігінің көшірмесі
*Скрошиватель
*Конверт

3)Жоғары оқу орнынан кейін қысқартылған оқуға түсуге қажетті құжаттардың тізімі (**20 маусым- 25 тамыз** аралығында қабылданады)
*Арнайы білімі туралы диплом (қосымшасымен бірге) түпнұсқа
*Дәрігерлік анықтама 086-У
*Фото 3х4 (6 дана)
*Жеке бас куәлігінің көшірмесі
*Скрошиватель
*Конверт
Ескерту: колледжден кейінгі білім мамандық сәйкестігіне қарай қабылданады.

4)Шығармашылық емтиханға қажетті құжаттардың тізімі (**20маусым – 7 шілде** аралығында қабылданады)
*Аттестат түпнұсқа немесе КТ
*ҰБТ сертификаты немесе КТ
*Дәрігерлік анықтама 086-У, 063 формасы
*Фото 3х4 (6 дана)
*Жеке бас куәлігінің көшірмесі
*Скрошиватель
*Конверт
Ескерту: шығармашылық емтихандар төмендегі мамандықтар бойынша тапсырылады:
*5В010400 – «Бастапқы әскери дайындық»
*5В010800 – «Дене шынықтыру және спорт»
*5В050400 – «Журналистика»
*5В010700 – «Бейнелеу өнері және сызу»
*5В042100 – «Дизайн»
*5В040300 – «Вокалдық өнері»
*5В040400 – «Дәсүрлі музыка өнері»
*5В010600 – «Музыкалық білім»
**Құрметті талапкерлер!**
**Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті сіздерді күтеді!**

**Біздің мекен-жайымыз:**
**Атырау қ.,**
**Студенттер даңғылы,212.**
**Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті**
**№1 оқу корпусы, 1 қатар, 111 бөлме**
**Телефон: +7 (7122) 27-63-20**
**e-mail: kense@asu.edu.kz сайт: asu.edu.kz**
**pk_asu@asu.edu.kz**

## УВАЖАЕМЫЙ АБИТУРИЕНТ! МЫ ПРИГЛАШАЕМ ВАС В АТЫРАУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ХАЛЕЛА ДОСМУХАМЕДОВА!

**НАШИ ОСОБЕННОСТИ**
**·Обучение по 48 специальностям**
**·Единственная военная кафедра в Атырауской области**
**·Студенческое общежитие**
**·Социальное обеспечение студентов и именные стипендии**
**·Магистратура**

Университет в 2017-2018 учебном году принимает документы на очное, вечернее, ускоренное (после колледжа или вузов) обучение:
Прием документов:
Творческие специальности - **с 20 июня по 7 июля.**
Творческие экзамены - **8-13 июля**.
Комплексное тестирование - **17-23 июля.**
Экзамены на педагогические специальности – **с 20 июня по 18 августа.**
На конкурс образовательных грантов – **23-31 июля.**
Для набравших на ЕНТ или в Комплексном тестировании ниже 50 баллов или «неудовлетворительную» оценку, а также не принявших участие в ЕНТ и в Комплексном тестировании - **с 1 по 8 августа.**
Повторное тестирование - **с 19 по 24 августа.**

Предлагаем вашему вниманию следующую информацию:
1)Документы для приема на конкурс образовательных грантов (прием документов **с 23 по 31 июля**):
*оригинал (аттестата или диплома) о среднем образовании (с приложением),
*сертификат о прохождении ЕНТ или комплексного тестирования,
*медицинская справка 086-У,
*фото 3х4 (6 шт.),
*копия удостоверения,
*документ о льготе (если имеется)
*скоросшиватель,
*конверт.

2)Список документов для поступления после ЕНТ и КТА
(прием документов **с 20 июня по 28 августа**):
*оригинал аттестата или КТ.
*сертификат о прохождении ЕНТ или комплексного тестирования,
*медицинская справка 086-У, 063,
*фото 3х4 (6 шт.),
*копия удостоверения,
*скоросшиватель,
*конверт.

3)Список документов для ускоренного обучения после окончания вуза
(прием документов **с 20 июня по 28 августа**):
*диплом об образовании (с приложением),
*медицинская справка 086-У,
*фото 3х4 (6 шт.),
*копия удостоверения.
*скоросшиватель,
*конверт.
Напоминание: прием проводится для лиц, окончивших колледж и имеющих среднее профессиональное образование, соответствующего профилю избранной специальности.

4)Список документов для творческих экзаменов
(прием документов **с 20 июня по 7 июля**):
*оригинал (аттестата или диплома) о среднем образовании (с приложением),
*сертификат о прохождении ЕНТ или комплексного тестирования,
*медицинская справка 086-У
*фото 3х4 (6 шт.),
*копия удостоверения,
*скоросшиватель,
*конверт.
Напоминание: творческие экзамены проводятся по следующим специальностям:
*5В010400 - Начальная военная подготовка
*5В010800 – Физическая культура и спорт
*5В050400 – Журналистика
*5В010700 - Изобразительное искусство и черчение
*5В042100 – Дизайн
*5В040300 - Вокальное искусство
*5В040400 – Традиционное музыкальное искусство
*5В010600 - Музыкальное образование
**Уважаемые абитуриенты! Атырауский Государственный Университет имени Халела Досмухамедова ждет Вас!**

**Наш адрес:**
**г. Атырау, Студенческий проспект, 212,**
**Атырауский Государственный Университет имени Халела Досмухамедова,**
**Учебный корпус №1, 1 этаж, 111 кабинет.**
**Телефон: +7 (7122) 27-63-20**
**e-mail: kense@asu.edu.kz сайт: asu.edu.kz**
**pk_asu@asu.edu.kz**

**Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті**

ATYRAU UNIVERSITY

Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

**Редакция:**
Г. Қайырғалиева **- редактор, 27-63-29**
В. Шигаев **- дизайнер-бет құрушы**
Қ. Данияров, А.Каримов **- фотографтар**
А. Нарешова **- хатшы**
**Журналистер:**
С. Аронов, А. Нугманова, М. Такежанова, А. Сәлімгерейқызы.
**Электрондық пошта** - media@asu.edu.kz

**Авторлар жарияланымындағы пікірлер редакция көзқарасы еместігін ескертеміз**

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, №2659 куәлік берілген 04.02.2002 ж. Газеттің жылына 6 нөмірі шығады.**

Газет «Ақ жайық» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #146
Баспаның мекен-жайы:
Атырау қаласы,
Жарбосынов көшесі, 5 үй
**Тираж 5000 дана**